



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

2021 жылғы 2–16 шілде аралығындағы жекелеген дамушы елдердің валюталарына шолу

2021 жыл, 19 шілде

Сауда-саттық қорытындысы бойынша 16 шілдеде теңгенің нарықтық бағамы қарастырылып отырған кезеңде 0,3%-ға (424,99-дан) әлсіреп, бір АҚШ доллары үшін 426,47 теңге деңгейінде қалыптасты.


Сыртқы валюта нарығында 2021 жылдың 2–16 шілде аралығындағы кезеңінде дамушы елдер валюталарының серпіні әртүрлі бағытта болды. Маусымда АҚШ-тағы инфляция күткеннен де едәуір өсіп, 5,4% ж/ж. рекордтық деңгейге жетті. Бірақ, ФРЖ төрағасының пайымдауынша, реттеуші оның себептерін тоқтатуға асықпайды және елдегі инфляциялық қысымның күшеюі уақытша құбылыс. Маусымда АҚШ-тағы бөлшек сауда туралы деректердің шығуы күткеннен де жоғары, яғни +0,6% м/м болды. 18 шілдеде Келісімге қатысушы елдер мұнай өндірісін тамыздан бастап айына 400 мың б/т-не ұлғайтатын болып уағдаласты. Ұлыбритания 19 шілдеден бастап барлық карантиндік шектеулер жойылатынын жариялады.

Дамушы елдер валюталарының¹ АҚШ долларына қатысты бағамдарының серпіні төмендегідей қалыптасты:


- **түрік лирасы** мөлшерлемені өзгеріссіз деңгейде (19%) сақтап қалу жөніндегі ОБ-ның шешімі аясында 1,8%-ға (8,69-дан 8,53-ке дейін) нығайды;
- **үнді рупиясы** 0,3%-ға (74,75-тен 74,56-ға дейін) нығайды. Ұлттық валютаға IPO-мен байланысты шетел валютасының ағындары қолдау көрсетті;
- **Индонезия рупиясы** Индонезияның акциялар нарығына шетелдік капиталдың әкелінуі (орташа көрсеткіш бір аптада \$9,14 млн жетті) аясында 0,2%-ға (14 533-тен 14 498-ге дейін) нығайды;
- **Мексика песосы** АҚШ-та инфляцияның үдеуі мен АҚШ доллары бағамының жаһандық нығаюы аясында 0,6%-ға (19,77-ден 19,89-ға дейін) әлсіреді;
- **Бразилия реалы** Covid-19 дельта штаммының таралу қаупіне орай 1,2%-ға (5,06-дан 5,12-ге дейін) әлсіреді. ОБ АҚШ долларына сұранысты тежеу үшін көлемі \$500 млн валюталық своптар аукционы түрінде интервенциялар туралы жариялады;
- **Оңтүстік Африка ранды** мемлекеттің бұрынғы президенті тұтқындалғаннан кейін елдегі жаппай наразылықтар мен тәртіпсіздік салдарынан 1,3%-ға (14,25-тен 14,43-ке дейін) әлсіреді;
- **Ресей рублі** мұнай бағасының төмендеуіне байланысты 1,3%-ға (73,14-тен 74,08-ге дейін) әлсіреді.

¹ АҚШ долларына қатысты көлемі тұрғысынан барынша көп саудаланатын дамушы елдердің валюталары



**Дамушы елдер валюталарының АҚШ долларына қатысты
бағамдарының өзгеруі, % (2021 жылдың басынан - 16 шілде
аралағында)**



**Дамушы елдер валюталарының АҚШ долларына қатысты
бағамдарының өзгеруі, % (2021 жылдың 3 шілде - 16 шілде аралағында)**



Дамушы елдер валюталарының серпіні (2021 жылғы 2 шілде =100, индекстің өсуі – валютаның нығаюы)



Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон арқылы ала алады:

8 (7172) 77–52–10

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz